Көрнекі материалды қолданыңыз! Балаларға сөздерді бейнеден тыс қабылдау қиын. Мысалы, егер сіз балаңызбен жеміс атауларын үйренуді шешсеңіз, оларды табиғи түрде көрсетіңіз немесе муляждарды, суреттерді қолданыңыз.

2-тақырып. Баланың сөйлеуі – олардың саусақтарының ұшында

В.А. Сухомлинскийдің айтуынша: «Баланың ақылы – оның саусақтарының ұшында». Қолдың саусақ қимылдары мен сөйлеу мүшелерін бақылайтын бастағы ми қыртыстары бір-біріне жақын орналасқан, қолдың саусақтары қимылынан бастағы ми қыртысына импульс жіберіледі, осылайша оған жақын орналасқан сөйлеу аймақтары белсендендіріледі.

Ұсақ саусақ моторикасының дамуы – бұл баланың психикалық дамуының көрсеткішінің бірі. Ұсақ моторика – танымдық процестердің негізі: зейіні, жады, қабылдау, ойлауы мен тілінің дамуы, кеңістікті бағдарлауы.

Әрине, ұсақ моториканы дамыту – сөйлеудің дамуына ықпал ететін жалғыз фактор емес. Егер балада ұсақ моторикасы жақсы дамыған болса, бірақ онымен сөйлеуге үйретпесе, баланың сөздік қоры шектеулі болып, дамымайды. Баланың барлық ағзасының дамуына ұсақ моториканың тигізетін әсері: бас ми жұмысы – бас бармақ; асқазан жағдайы – сұқ саусақ; ішек жағдайы – ортаңғы саусақ; бауыр мен бүйрек жұмысы – аты жоқ саусақ; жүрек жұмысы – кішкентай саусақ.

Ұсақ моториканы дамыта отырып, баланың екі қолы бар екенін ұмытпау керек. Жаттығуларды сол және оң қолдарын алмастырып отыру керек. Оң

қолды дамыта отырып, біз мидың сол жартысын дамытуды ынталандырамыз және керісінше.

Ұсақ моториканың дамуының маңызы: ми қабығының тонусын арттырады; ми қабығының сөйлеу орталықтарын дамытады; баланың сөйлеу дамуын ынталандырады; артикуляциялық моториканы жақсартуға көмектеседі; ырғақ сезімін және қимылдарды үйлестіруді дамытады және баланың көңіл-күйін көтереді.

Қазіргі оқушылардың арасында ұсақ моторикасы толық дамымаған соң, кездесетін мәселелер:

1. Жазу қарқыны төмен және жазу кезінде тез шаршау;
2. Біркелкі емес, «дірілдейтін сызық» немесе тым қатты басу;
3. Әріптердің жолдан шығу және көлбеуін сақтамау;
4. Жазбаша жұмыстарын орындағасы келмеу.

Баланың ұсақ моторикасын өзіндік қызметіне арналған шаттар: қайшы, мозайкалар, баулар, бояу, қарындаштар, түрлі форматты қағаздар, трафареттер, сызғыштар, бояғыштар және т.б. (1-қосымша, 1,2-суреттер).

Жұмыс түрлері: ата-аналар мен балалардың ұйымдаса жасаған іс-әрекеті; балалардың өздері еркін жасаған өзіндік іс-әрекеттері. Арнайы қол моторикасын дамытудың өз заңдылықтары бар. Ойындар мен жаттығулардың жас ерекшеліктеріне сай болуы және «оңайдан қиынға қарай» қағидасын ұстанылуы өте маңызды.

Қыстырғыштармен дидактикалық ойын көп жоспарлы болып келеді. Бұл балаларды оқытудың ойын әдісі (қабылдаудың барлық түрлері қолданылады, ойын жағдайын жасауға да болады, нұсқаулар беріледі, түсіндірулер, қойылымдар жасалады). Бұл сонымен қатар балалардың дербес ойын әрекеті (1-қосымша, 3-сурет).

Бау байлау ойыны қозғалыстарды үйлестіруге, қолдың икемділігіне және тұтастай алғанда емін-еркін болуға ықпал етеді.

Тығыздығы және фактурасы әр түрлі қағаздарды жырту (газет, картон т.б.). Қағазбен жаттығулар жасау: мыжу – қол күшін дамыту немесе парақты екі қолдың саусақтарымен ұстап, әртүрлі бағытта тартып, жырту. (1-қосымша, 4-сурет).

Құммен ойын: қолдың кинетикалық – жанасу сезімталдығын және сезімталдығын дамыту; бұлшықеттік қауырттылықты басады; баланың өзін жайлы ортада сезінуіне ықпал ету. жағымсыз энергиядан арылып, эмоционалды ықпал етеді (1-қосымша, 5-сурет).

Ұсақ моторикасын дамытуға арналған кейбір жаттығуларды бала сіздерге үй шаруасында көмектесіп жатқанда орындауға болады, оның ішінде: жармаларды тандау; көкөністердің қабығын тазалау (мысалы, піскен картоптың, сарымсақтың қабығын аршу); қамырдан тұшпара жасау, немесе печенье дайындау); фисташкаларды қабығынан тазалау; піскен жұмыртқаның қабығын аршу; цитрусты тазалау; өздігінен қолғапты киюге үйрену; аяқ киімінің бауын байлау; жіп түймелерін орау; кітаптың бетін ашу (1-қосымша, 6-сурет).

Ұсақ моториканы дамыту – баланың жалпы дамуының ажырамас бөлігі. Сөйлеу, шығармашылық пен логиканы дамытумен қоса, бұл баланы мектепке дейінгі дайындығының маңызды бөлігі болып табылады.

3-тақырып. Сөйлеу тыныс алуын дамытуға арналған ойындар

Сөйлеу кезінде пайда болатын тілдік тыныс алудың маңызына ерекше көңіл бөлген жөн. Сөз дәлдігі, тазалығы және әсерлігі тілдік тыныс алуға байланысты. Сондықтан да тілдік тыныс алуды басқара білуге үйрету қажет. Осы орайда тыныс алу гимнастикасы бойынша арнайы жаттығуларды ұсынуға болады.

Тыныс алу жаттығуларының мақсаты – баланың тілдік тыныс алуын дамыту. Алғашқы жаттығулар дене бітімін дұрыс қалыптастыруға бағытталады: тілдік тыныс алу өз жолында бұлшықет кедергілеріне, қыспаққа түспеуі тиіс. Егер біз иық және мойын бұлшықеттеріне қысым түсірмей, басымызды тік және еркін ұстап, дұрыс тұрсақ, онда еркін тыныс алып, сөйлей аламыз. Сондықтан да ең алдымен сымбаттылық әліппесіне көңіл бөліңіз.

Тыныс алу жаттығулары:

1. Денені оттегімен қамтып, алмасу процессін қалыпқа келтіреді;
2. Көкет, көмей, жұтқыншақ бұлшықеттерін, өкпе қабілетін арттырады;
3. Ауа ағысын қалыптастырады, дыбыстың дұрыс қалыптасуына ықпал етеді;
4. Иммунитетті арттырады.

Тыныс алу гимнастикасы не үшін керек? Тыныс алу жаттығулары дененің барлық жасушаларын оттегімен қамтамасыз етуге көмектеседі. Тыныс алуды бақылау, өзін бақылау қабілетіне ықпал етеді. Дұрыс тыныс алу жүрек, ми және жүйке жүйесінің жұмысын жақсартады, адамды көптеген аурулардан арылтады, ас қорытуды жақсартады (тамақ сіңіріліп, сіңірілмес бұрын ол қандағы оттегіні сіңіріп, тотығуы керек).

Тыныс алу гимнастикасын жасаудың талаптары:

- Шаңды, ашылмаған немесе ылғалды бөлмеде жасамау;
- Киілген киім қозғалыстарға кедергі келтірмеуі керек;
- Тамақ ішкеннен кейін жасамау;
- Егер баланың тыныс алу мүшесі асқынған жағдайда болса, жасамау;
- Баланың сөйлеу тыныс дамытуға кіріскенде, алдымен тегіс ауыз қуысынан тыныс шығаруды дұрыс қалыптастыру қажет.

Балаларға тыныс алу жаттығулардың жасау техникасы:

- Мұрын арқылы тыныс алу;
- Иықты көтермеу;
- Дем шығару ұзақ және бірқалыпты болуы керек;
- Беттің күмпимегеніне көз жеткізу керек (бастау үшін оларды қолмен ұстап тұру керек).

«Гүлдерді иіскейік» ойыны. Біз өзімізді гүлдер бағында жүрміз деп елестетейік. Гүлдер әдемі және хош иісті болады. Кәне, гүлдерді иіскеп көрейікші. Мұрын арқылы терең дем алып, ауыз арқылы ұзақ демді шығару. Тамаша! Жаттығу 2-3 рет қайталанады (2-қосымша, 1-сурет).

«Көбелекті ұшырамыз» ойыны. Сіз алдын-ала түрлі-түсті қағаздан кішігірім көбелектер үлгісін дайындайсыз да, оны жіпке бекітесіз. Содан соң балаға беріп, бұл жаттығудың қалай орындалатынын түсіндіресіз. Балалар жіп ұстаған қолдарын жоғары көтеріп, көбелекті ерін деңгейінде ұстайды. Сол мезетте мұрын арқылы ауа жұтып, ауа ағынын көбелекке қарай, оны «ұшыру» үшін бағыттайды. Жаттығу 1-2 рет қайталаанады. Осы жаттығуды жіпке ілінген «ақшақарларды» да қолданып орындауға болады (2-қосымша, 2-сурет).

«Ыстық шай» (сүт) ойыны. Біз сүтті өте ыстық болғандықтан бірден іше алмаймыз. Сондықтан оны тез суыту үшін көпіршіктерін (бетіндегі қаймағын) итере үрлеп ішеміз. Кәне, ыстық сүтті үрлейік. Жаттығу 2-3 рет қайталаанады. (2-қосымша, 3-сурет).

«Самал жел» ойыны. Мұны істеу үшін түрлі-түсті қағаздың жолақтарын ағаш таяқшаға бекіту. Жұқа папиростан жасалған қағазды немесе шыршаны безендіруге арналған «жаңбыршаны» қолдануға болады (2-қосымша, 4-сурет).

«Әуе футболы» ойыны. Бала және анасы үстелдің екі қарсы бетіне отырады. Алаңның ортасына – үстелге – кішігірім мақта бөлігі (доп орнына) қойылады. Кезекпен допты үрлеп, қарсыласының қақпасына кіргізуге тырысады. Қақпа шекарасын қарындаштың көмегімен не басқа да тәсілдермен белгілеуге болады. Кім көп доп енгізсе, сол жеңімпаз атанады (2-қосымша, 5-сурет).

«Қолымызды жылытайық» ойыны. Балалар, біз қыс мезгілінде далаға ойнағанды жақсы көреміз. Бірақ қолғап кимесек қолымыз тоңып қалады. Міне, қолымыз тоңып қалды, ендеше қолымызды өз демімізбен жылытайық. Қане, қолың тоңса, деміңмен жылыт! (2-қосымша, 6-сурет).

Бұл жаттығу 4-5 рет қайталаанады. Мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыс кезінде тыныс алу жаттығуларын әртүрлі сәттерде қолдануға болады: Бастапқыда балалар үшін тыныс алу жаттығулары өте күрделі сияқты болып көрінеді. Ең бастысы, сол жаттығуларды қызықты ойынға айналдыра отырып, балаларға көмектесу.

4-тақырып. Балаларға арналған артикуляциялық жаттығулар

Артикуляциялық жаттығулар дегеніміз — ол сөйлеу тілі аппаратының бұлшық еттерін шынықтыратын, оның мүшелерінің қимыл-қозғалыстарын қалыптастыратын және нығайтып, жетілдіретін арнайы іріктеліп алынған жаттығулар болып табылады.

Артикуляциялық жаттығулардың негізгі мақсаты: дыбысты дұрыс айту үшін сөйлеу аппаратын дұрыс қозғалысқа келтіру және тілді белгілі бір қалыпта ұстау, қарапайым қимылды күрделі қимылдарға айналдыру.

Артикуляциялық жаттығулардың жүргізу басты талабы – жүйелілік. Жаттығуларды 3-5 минуттан күніне 2-3 рет күніне орындаған жөн. Бала үлкен кісінің мимикасы мен артикуляциясын нақты көру керек. Сонымен қатар, ол тапсырманы орындау кезінде өз ерні мен тілін көру керек. Ол үшін айнаны пайдалануға немесе сабақта үлкен айна алдында өткізуге болады. Әр жаттығу

5-10 секунд жасалады және уақыты біртіндеп ұзарады. Жаттығуларды іріктеу кезінде қарапайым жаттығудан күрделі жаттығуларға өту керек.

Балаңыз белігі бір жаттығуды дұрыс жасай алмай тұрып, одан күрделі жаттығуға өтудің керегі жоқ. Жасай алмай жатқан жаттығуды қайтадан орындату керек. Ересек адам жаттығу атауларын атай отырып, алдағы орындалатын жаттығулар туралы айтып береді. Оның орындалуын көрсетеді. Бала жаттығуды орындайды, ал ересек адам оның дұрыс орындалуын бақылайды. Сондай-ақ, әрбір артикуляция мүшесінің қозғалысы беттің оң және сол жағына қатысты симметриялы түрде орындалғанын қадағалау маңызды. Әйтпесе артикуляциялық жаттығу өз мақсатына жете алмайды.

Артикуляциялық жаттығуларды ойын түрінде өткізген жөн. Орындау кезінде әртүрлі ойыншықтарды қолданамыз. (3-қосымша, 1,2-суреттер). Мысалы, «тәтті» артикуляциялық жаттығуларды өткізуге болады (3-қосымша, 3,4-суреттер).

Артикуляциялық жаттығулар статикалық жаттығулар дұрыс қалпын жасауға бағытталған және динамикалық жаттығулар қимылдарды дұрыс орындауға бағытталған (3-қосымша, 5,6-суреттер).

«Күрекше» - тіл босаңсытылады, жалпақ күйге енгізіледі де, төменгі ерін үстіне қойылады. Осы қалыпта бірнеше секунд ұстап тұру керек (3-қосымша, 7-сурет).

«Шәшке» - ауыз кең ашылады, жалпақ қалыптағы тіл жоғары көтеріледі де, шәшке формасы беріледі. Тілдің шеттері тіске тимейді (3-қосымша, 8-сурет).

«Инеше» - ауызды кең ашып тілді алға қарай жіңішкертіп шығарып 10-15 секунд ұстап тұру керек (3-қосымша, 9-сурет).

«Төбешік» – аузыңды жартылай ашып, тілдің екі жақ шетін жоғары азу тістерге жапсырып, тілдің ұшын астыңғы тіске тіреп ұстау (3-қосымша, 10-сурет).

«Түтікше» -Тіл ауыздан шығарылады да, түтікше түріне енгізіледі (3-қосымша, 11-сурет).

«Сағат» – тілді жіңішкертіп ұстап оңға, солға жайлап қозғау керек. Осылай санап отырып 15 - 20 рет қайталау керек (3-қосымша, 12-сурет).

«Ат шауып келеді» – ауызды кең ашып тілді таңдайға жапсыру – айыру немесе таңдай қағу. Аталған жаттығулардан тек әр дыбысқа керекті жаттығулар алынады.

«Саңырауқұлақ» - ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсыра ұстап тұрып төменгі жақты басып ауызды кең ашып ұстау.

«Сылақшы» - ауыз сәл ашық, тілді шығарып әуелі жоғарғы ерінді, сосын төменгі ерінді жалау. Бағытын өзгерте отырып 10-15 рет қайталау.

Жаттығуларды алдымен жайлап, айна алдында жасалады, сонан соң біртіндеп жоғарырақ ырғаққа көшу керек. Әрбір жаттығу 10 секундтан 6-8 рет орындалады.

5-тақырып. Дыбыстарды естіп, ажырата білуге үйрету

Сөйлеуді дамытудың міндетті шарты – есту қабілеті. Ерте балалық шақта физикалық есту қабілетінің төмендеуі сөйлеудің дамуын тежейді. Егер бала есіктің сықырлағанын, көліктің жақындап келе жатқан дыбысын, желдің шуылын жаңбырдың дауысынан ажырата білсе, онда оның физиологиялық естуімен бәрі жақсы. Егер баланың ешқандай қиындықсыз оқып, жазып үйрену үшін, сөздерді дұрыс қабылдап, түсініп, кез-келген шет тілін меңгеріп, дыбыстарды ажырата білуі керек. Яғни, фонематикалық есту қабілеті дамыған болу керек.

Фонематикалық дыбыс пен фонематикалық қабылдау деген не?

Фонематикалық дыбыс – бұл сөйлеу барысында ана тіліндегі дыбыстарды естіп, ажырата білу қабілеті әртүрлі сызықтық тәртіппен (қайшықойшы, қазы-қозы); дыбысталуы жақын, мағыналары әртүрлі сөздер (қаз-саз, қыс-сыз, шашу-шошу). Фонематикалық есту сөйлеу фонемаларын (дыбыстарын) ажыратуға жауап береді. Бұл бізге дыбыстық жағынан ұқсас сөздер мен сөз тұлғаларын ажырата білуге және айтылған сөздердің мағынасын дұрыс түсінуге көмектеседі.

Фонематикалық қабылдау – бұл сөздің дыбыстық құрамын қабылдау қабілеті. Егер баланың фонематикалық естуі нашар дамыған болса, ол мағыналары жақын фонемаларды шатастыруы мүмкін. Бұл жүйелі сөйлеуді, оқу мен жазуды үйрену процесін төмендетеді, өйткені егер бала дыбыстарды ажырата алмаса, есте сақтау, дыбыстау, жазуды ол нақты оған айтылғаны бойынша емес, өзінің естуі бойынша қабылдайды.

Фонематикалық естуге әсер ететін факторлар: баланың жалпы сөйлеуінің дамуы, тіл мен сөздіктің грамматикалық құрылысын игеру, артикуляция мен дикцияның дұрыс қалыптасуы, дыбыстық талдау және синтез операцияларын меңгеру, оқуды меңгеру, сауаттылық меңгеру жетістігі және орфографиялық қабілеттердің дамуы.

Фонематикалық есту қабілетін дамыту жұмыстары қаншалықты ерте басталса, соғұрлым ол сауатты жазады және оқиды.

Фонематикалық қабылдаудың даму кезеңдері:

I кезең — бейсөйлеу дыбыстарды тану;

II кезең — сол дыбыстардың, сөздердің, сөз тіркестеріндегі дауыс ырғағын, тембрін ажырату;

III кезең — дыбыстық құрамы жағынан ұқсас сөздерді ажырату;

IV кезең — буын дифференциациясы;

V кезең — фонемалардың (дыбыстардың) дифференциациясы;

VI кезең — қарапайым дыбыстық талдау дағдыларын дамыту.

Баланың фонематикалық естуін қалай дамытуға болады? Әрине, іс жүзінде: сөздерді біреудің сөйлеу тілі арқылы қабылдау мен өзінің жеке айтуы. Сондықтан ата-аналардың балаларымен көп сөйлесуі, оларға қарапайым өлеңдерді ерте жастан оқу өте маңызды.

Кішкентай балаларға *«Не дыбысталып тұрғанын тап»* қызықты ойындар әдісі арқылы әртүрлі дыбыстарды ажырта білуге үйрету. Әртүрлі дыбысталатын бірнеше ойыншықтарды алыңыз (сыбызғы, қоңырау, сылдырмақ және т.б. бестен аса ойыншық түрі). Балаңызға сол ойыншықтарды

анықтап қаратыңыз, қандай дыбыс шығаратынын тыңдатыңыз. Сосын баланы артқа бұрыңыз да, 3-4 метрге алыстап, ойыншықтардың бірін дыбыстатыңыз. Дыбыс анық және айқын болу керек. Кішкентай бала қай ойыншық дыбысталғанын анықтап, қолына алу керек (4-қосымша, 1-сурет).

«*Көше не туралы дыбыстайды?*» Баланы көшеде шығатын дыбыстар мен шуларды анықтауды ұсыныңыз: көлік, сайраған дыбыстар. (4-қосымша, 2-сурет).

«*Сиқырлы таяқ*» Балаңызды қарындашпен тұрту арқылы заттардың қалай дыбысталатынын тыңдатуға шақырыңыз. «Сиқырлы таяқша» арқылы ваза, үстел, стақан және басқа заттардың дыбысын шығарады. Бала көзін жұмып, қандай зат дыбысталғанын біледі. (4-қосымша, 3-сурет).

«*Алыс-жақын*» Балаға сөздердің қатты және ақырын дыбысталатынын түсіндіріңіз. Егер сөзді ақырын дыбыстасаңыз, бала «*АЛЫС*» деп жауап беру керек, егер сөздерді қатты дыбыстасаңыз, бала «*ЖАҚЫН*» деп жауап беру керек.

«*Шапалақтау*» Балаға сіздің артыңыздан ырғақты шапалақтауды қайталауын сұраңыз. Мысалы: екі шапалақ, үзіліс, бір шапалақ. Ырғақты қайталау біртіндеп күрделене түседі. Мысалы: екі шапалақ, үзіліс, үш шапалақ. Ойынның келесі кезеңі: кішкентай бала көзін жұмып қайталауы керек. (4-қосымша, 4-сурет).

«*Шулы қораптар*» Сізге кішкене қораптардың екі жиынтығын алу керек - өзіңіз бен балаңыз үшін, оларды әртүрлі материалдармен толықтырыңыз, егер қорапты сілкісеңіз, әртүрлі дыбыстар шығады. Қораптарға құм, жарма, бұршақ салып, жапсырма шегелерді, қағаз қыстырғыштарды, қағаздан жасалған шарларды, түймелерді және т.б. салуға болады. Сіз өз қорап жинағыңызды алып, оны сілкісіз, бала көзін жұмып, дыбысы мұқият тыңдайды. Сосын ол қораптарды алып, солардың арасынан сол дыбыс шыққан қорапты анықтауы керек. Ойын барлық жұптар анықталғанша жалғасады (4-қосымша, 5-сурет).

«*Жаңғырық*». Ересек адам баламен жаңғырық деген не және оны қайда кездестіруге болатындығын талқылайды, жаңғырық әрқашан айтқанды қайталайды. Оған жаңғырық ойнауды ұсынады. Ересек адам кезекпен бірнеше қарапайым сөздерді айтады (ау, ау, ана), бала оларды қайталауы керек, содан кейін оған күрделі сөздерді ғана емес, сонымен қатар өлең жолдарын да қайталатуға болады.

«*Алғашқы дыбыс*» Сөздердің алғашқы дыбыстарын ерекшелендіріп дыбыстату керек (*а-а-алау, ү-ү-үкі, о-о-ошақ, и-и-ине т.б.*). сөздерде бірінші дыбысты анықтайды.

«*Жейтін-жемейтін*» Дыбысталу жағынан ұқсас үш сөз айтуыңыз керек. Сол сөздердің ішінен бала жеуге болатын сөзді атауы керек *нан – жан – аң*.

«*Тығылмақ*» .Бұл ойын жаңа, ерекше ортада қызықты, мысалы, дүкенде немесе емханада. Бала айналасына қарап, сіз анықтаған дыбыстар тығылып тұрған сөздерді атауы керек. Мысалы, [o] дыбысына басталатын сөздер – орындық, [p] дыбысы ортада тұрған сөздер – қорап, және сол сияқты әрі қарай түрлі мысалдар келтіруіне болады. Бір дыбысты анықтап, кезекпен сөздерді

табу арқылы жарысуға да болады. Кім көп сөз тапса, сол ұтады. Сурет ішінен А дыбысы бар жемістерді тауып ал (4-қосымша, 6-сурет).

6-тақырып. Дыбыстарды дұрыс айтуға арналған ойындар

Мектепке дейінгі жастағы балалардың сөйлеу дамуының бұзылуы, баланың кейінгі өміріне үлкен әсер етеді. Сөйлеу тілінің кемшілігі есте сақтау, ойлау, қиял сияқты психикалық үдерістердің дамуында ауытқушылық тудыруы мүмкін, сонымен қатар қарым-қатынастың қиындауында көрінетін өзін өзі кем санау кешендерін құрылады. Ойын әдістерін қолдану сабақты қызықты, эмоционалды реңті, дамытатын және танымдық жағынан көмектеседі, сонымен қатар мектеп жасына дейінгі балалардың жетекші іс-әрекетін ескеруге мүмкіндік береді.

Дыбыстарды дұрыс айту, сөздік қоры өз жасының талапына сай, байланыс сөйлеуі жақсы дамыған баланың мектепке дайындығының негізгі көрсеткіштерінің бірі болып табылады. Баланың дыбыс бұзылыстары мектептегі үлгерімнің нашар болуына әсер етуі мүмкін, сондықтан түзету жұмысын кішкентай жасынан бастап жүргізу керек. Сөйлеу кемістігінің түріне байланысты тапсырмалар, кезеңдер мен жұмыс әдістері өзіндік ерекшеліктерге ие.

Бала неліктен нашар сөйлейді?

1. Тек ересектердің ғана емес, балалардың да дұрыс сөйлемеуіне еліктеу
2. Тілдің, еріннің бұлшықеттерінің әлсіздігі (бала тілмен және ерінімен дәл бағытталған қимыл жасай алмайды)
3. Фонематикалық есту қабілеті нашар дамыған (бала өзінің қате айтып жатқанын естімейді, ол дұрыс сөйлеп тұрмын деп ойлайды) .
4. Артикуляциялық аппараттарының құрымдылық ерекшеліктер (тіласты жүгінің қысқа болуы т.б.). Ата-аналар әдетте дыбыстардың қашан пайда болатынын білулері керек. Дыбысталуы бұзылған балаға қалай көмектесуге болады?

Дыбыстардың бұрмалануы балаға балабақшада көп қиындық туғызады, ал мектепте бұл қиындықтар арта түседі. Мұндай жағдайларда арнайы логопедтік жұмыс қажет, ал басқаларында логопедпен кеңескеннен кейін, бала тәрбиеші, мұғалім немесе ата-аналармен жұмыс жасағаны жеткілікті.

Сөйлеудің кемшіліктерін жою уақыты бірқатар факторларға байланысты:

- Күрделілік дәрежесіне
- Баланың жеке және жас ерекшеліктеріне
- Сабақтардың жүйелілігіне
- Ата-аналардың бұл жұмысқа қатысуы мен қызығушылығына байланысты.

Дыбысталуды түзету кезеңдермен орындалады:

I кезең – дайындық (жаттығу – ерін, тіл, тыныс алу, т.б. жаттығулар жасау арқылы машықтану);

II кезең – дыбысты қою (арнайы дыбыстық еліктеу немесе арнайы тәсілдер арқылы дыбысты орнықтыру);

III кезең – машықтандырылған дыбыс (дыбысты буындарға, сөздерде, сөйлемдерге, байланысқан сөздерде бекіту);

IV кезең – дыбыстардың дифференциациясы (бір дыбысты басқа дыбыспен алмастырып айту).

«Дыбысты машықтандыру» дегеніміз не? қойылған дыбысты ауызекі сөйлегенде дұрыс айту болып саналады. Қойылған дыбысты бекіту, немесе дұрыс айтуға машықтандыру жұмысы керекті жүйелілікпен және кезектілікпен жүргізуді талап етеді. Қойылған дыбысты алдымен буында (ашық, тұйық, бітеу), сосын сөздің басында, ортасында, аяғында, сөз тіркестерінде, сөйлемде, байланыстырып сөйлеуде дұрыс айтуға машықтандыру.

Жеке дыбысты бекіту кезеңі «Лабиринт» жаттығуы – әртүрлі жолдармен лабиринттерді қолдану мүмкін. Оларды ғаламтордан, балаларға арналған кітаптардан немесе өздеріңіз суретін салып беруге болады. Балаға дыбысты берілген жолмен өткенше дейін айтуға ұсынылады. Жеке дыбысты машықтандыру кезеңде құм немесе ұнтақты қолдануға болады (5-қосымша, 1-сурет).

«Зырылдауық» ойыншығы айналғанша дейін дыбысты айту. Бұл жаттығуда баланың қосымша ұсақ моторикасы дамуда. (5-қосымша, 2-сурет).

«Массаж доптары» – дыбысты айтқан кезде массаж добын қолдану. (Жаңғақ, бүршік, дөңгелек тарақтар, суджок доптары)– допты сипау, сырғанату, қысу (5-қосымша, 3-сурет).

«Қоршаулар» Бала тік таяқшалардың суретін салып дыбысты машықтандырады, немесе санамақ таяқшаларын және қарындаштардан қоршаулар жасайды (5-қосымша, 4-сурет).

Дыбысты машықтандыру кезеңнің мақсаты – еркін сөйлеу кезінде дыбыстың дұрыс айтылуына қол жеткізу, яғни, қойылған дыбысты біртіндеп, дәйекті түрде енгізіңіз: буынға, сөзге, сөйлемге, еркін сөйлеуге. Мысалы, *Маржанды тіземіз»*. Маржанды тізу кезінде буындарды машықтандырып айту. СА-СО-СУ-СЫ. «Пирамиданы құру» (АШ-УШ-ОШ-ЫШ, ШО-ШУ-ША-ШЭ) буындарды айту.

Дыбысты сөздерде немесе сөйлемде машықтандыру кезеңінде келесі ойындар мен жаттығуларды қолдануға болады. Мысалы, «Мұнараны салайық», «Сөз – қадам», «10-ға дейін сана», секіргішпен ойындарын өткізу және серуенде бақылау кезінде кезекті дыбысты анықтап айту.

Соңғы кезеңнің мақсаты – еркін сөйлеу кезінде дыбысты акустика жағынан ұқсас дыбыстарын ажырату, яғни дыбыстардың дифференциациясы. Мысалы, Р-Л дыбыстарын ажырату сөздің ішінен (5-қосымша, 5-6-суреттер).

Балалардың дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын қалыптастыру шарты:

1. Жағымды сөйлеу ортасы;
2. Сөйлеу тынысының дұрыс қойылуы;
3. Артикуляциялық аппаратың дамуы;
4. Ұсақ моториканың дамуы.

Бұл маңызды! Теледидар, ғаламтор, бейнетарап ақпараты.

Ойын әрекеті алынған ақпаратты қолдану және дербес дағдыларды дамыту.

7-тақырып. Доп ойындары

Қазіргі уақытта балалардың дамуындағы үрей тудыратын негізгі ойлар: шынайы байланыстың виртуалдыққа ауысуы; шынайы ойынды виртуалды ойынға ауыстыру; жанды қарым-қатынас қолдарындағы жоғары технологиялық құрылғыға ауыстырылады; өмірден іс жүзінде балалардың «аула» мәдениеті жоғалып кетті. Балалардың компьютерлендірілуінің салдарынан сөйлеудің пайда болу мерзімі кейінге шегіндіріледі: балалардың сөйлеу және қозғалыс белсенділігінің төмендеуі; сөздік қорының жеткіліксіздігі; еркін сөйлеудің даму деңгейінің төмендігі; ойын және қарым-қатынас дағдыларының дамытуының деңгейі төмен. Мектепке дайындықта сөйлеу деңгейінің төмендігі байқалады.

Доп ойындары ерте заманнан бері белгілі, дегенмен тарих бұл ойындардың қай жерде немесе қашан пайда болғанын нақты білмейді. Балалармен логопедтік жұмыс жасау барысында, түзету практикасында допты қолдану, керемет құрал бола алатындығына назар аудардым.

Доп ойындарының негізгі міндеттері: сөйлеу бұзылыстарының алдын алу бойынша жұмыстар жүргізу; мектеп жасына дейінгі балалардың жалпы және ұсақ моторикасын дамыту; кеңістіктік бағдарлауды және балалардың қозғалыстарын үйлестіруді жақсартады; мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу жүйесінің барлық компоненттерін дамыту; қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру; жас ерешеліктеріне сай сөйлеу дамуы және сөйлеу қабілеті бұзылған балаларды біріктіру үшін жағдайлар жасау.

Мектепке дейінгі балалармен доп арқылы сөйлеуін дамыту себептері: ерте балалық шақтан қалған сүйікті ойыншығы, қарым-қатынас символы, қарым-қатынас жасауды жақсартады және қауіпсіз. Доптың әртүрлі түстері, пішіндері, өлшемдері, сырт пішінділігі болады (6-қосымша, 1-сурет). Доппен ойынау кезінде ойын кезегін, ережені белгілейді. Стрессті жеңілдетуге көмектеседі. Доппен қозғалыс жасау сергітеді және барлық ағзаға әсер етеді.

Доппен ойынау балалардың сөйлеу кемістігінен көңілін аударады және шаршатарлық қимылсыздықтан арылтады. Олар әртүрлі деңгейлер арқылы балалардың белсенділігін әр тараптандыруға көмектеседі. Жалпы және ұсақ моториканы, кеңістікті бағдарлауды дамытады. Доппен ойынау кезінде балалардың қозғалыс күші мен дәлдікті, көз мөлшерін, күштілікті, ептілікті, шапшаң жылдамдықты реттейді және үйреншікті зейіні мен үйреншіксіз зейінді қалыптастырады. Эмоциональды-ерік ортасын реттейді. Мұның бәрі сөйлеу мүшелерінің және тұтастай алғанда дененің жақсы жұмыс істеуі үшін қажетті алғышарттар болып табылады, балалардың дұрыс сөйлеу дағдыларын дамытуға және жоғары ақыл-ой міндеттерін қалыптастыруға дұрыс әсер етеді.

Доп ойынаудың таңдау шарттары:

1. Балалардың жасы мен қызығушылықтары.

2. Даму деңгейі.
3. Балалардың денсаулығы.
4. Оқу және дамыту міндеттері.

Ұсақ моториканы дамытуға бағытталған доп ойындары: қазіргі ғылыми дәлелдеме негізінде сөйлеу мүшелерінің қозғалысына жауап беретін және саусақтардың қимылын бақылайтын ми қыртысының аймақтары бір-біріне жақын орналасқандығын растайды. Саусақтарыңызбен доп арқылы ширату (6-қосымша, 2-сурет).

Кеңістікте тұспалдауды дамыту мақсатында доппен ойын. Дисграфиялы балалар кеңістікте тұспалдау барысында көптеген қиындықтарға тап болады. Бұл ойындар күш, қозғалыс дәлдігін, кеңістікті өрісте өзін және затты анықтауға мүмкіндік береді. Ол үшін мен резеңке, теннис және матадан тігілген шарларды қолданамын. Ойын «Оң жақтан, сол жақта соғамын – шатастырып алмаймын!» Бұл жаттығу орындықта, аяқты бірге қойып орындалады. Бала доппен менің оң және сол жағымнан соққыны орындайды.

«Біздің қолдарымыз» жаттығуы. Бұл қолым – оң жағым (*доп алақанда*) бұл қолым – сол жағым (*доп алақанда*). Мен допқа басамын. Және жаттығу жасаймын: Оң жақ қолым күшті болады (*оң жақ жұдырықта допты қысады*), Сол жағым да күшті болады (*сол жақ жұдырықта*), Қолдарым епті, шебер болады (*допты алақанның ортасында домалатады*) (6-қосымша, 3-4-суреттер).

Дыбыстық және фонемалық процестерді қалыптастыруға бағытталған доп ойындары.

Дауысты дыбыстар – бұл фонемалық процестерді дамытудың негізін қалайды. Бұл тақырыпты игере отырып, балалар, әдетте, дыбыстық талдауды, сөздердің синтезін жақсы түсінеді, демек, материалды сауатты жақсы меңгереді. Дауысты дыбыстардың барлығы доп ойындарында бекітілген. Балалар нақты дыбысталуды жаттықтырады және дыбыстық қатарды ерекшелейді. Бір қызығы, бұл ойындарда балалар допты домалатудың ұзақтығын дауысты дыбыстарды айту ұзақтығымен байланыстырады. Барлық осы ойындар тегіс дем шығарудың дамуына ықпал етеді, бұл дыбыстық айтылыммен жұмыс жасауда өте маңызды. Ойындарда резеңкеден ғана емес, сонымен қатар матадан жасалған доптарды да қолданып, тіпті оларға әріптер тігуге де болады.

«Түрлі доптар» ойыны. Мақсаты: дауысты және дауыссыз дыбыстардың саралауын бекіту, зейінін, ойлау жылдамдығын дамыту. Логопед допты белгілі бір әріппен лақтырады, оқушы осы дыбыстан басталатын сөзді атауы керек.

«Дыбыстық тізбек» ойыны. Сөздерден тізбек құрайық. Доп нүкте қоюға мүмкіндік бермейді. Бала өзіне берілген дыбысқа сөз айтып, допты екі қолымен басының үстінен келесі балаға жібереді (6-қосымша, 5-сурет).

«Мейірімді бер» ойыны. Кішкентай допты ұстап ал да, жылы сөздер айт.

«Қөңілді доп» ойыны. Доппен ойнау кезінде бала жаттаған тақпақтарын доптың ырғақ соғумен бірге айтады. Мысалы, Добым, добым, домалақ, Қайда

кеттің домалап. Қызыл, жасыл, сары, көк. Ойнайтын сенімен бала көп (6-қосымша, 6-сурет).

Тағы да ата-аналардың назарын доп ойындарының жан-жақты екендігіне және түзету жұмыстарын жүргізу барсында олардың әртүрлілігі мен мазмұны тек сіздердің қиял және балалармен көңілді, қызықты түрде дәстүрлі емес формада жұмыс істеуге деген қызығушылықтары сіздердің ниеттеріңізге байланысты екендігіне көз жеткізгім келеді.

8-тақырып. Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу тілін дамытуға арналған шығармашылық ойындар

«Шығармашылыққа үйрету керек. Балалар сұлулық, ойын, ертегі, музыка, сурет салу, қиял, шығармашылық әлемінде өмір сүруі керек». (В.А. Сухомлинский). Мектепке дейінгі педагогика мен психологияда әр түрлі көркем және шығармашылық іс-әрекеттерде сөйлеуді дамытуға баса назар аударылды.

Көркем шығармашылық: сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру, оригами – ми қыртысының сөйлеу аймақтарына жағымды әсер ететін, саусақтардың ұсақ моторикасын дамытатын әдістердің бірі болып табылады.

Қағазбен, бояумен, қарындашпен, ермексазбен жұмыс – баланың қоршаған заттар туралы түсініктерін тереңдетеді, баланың сенсорлық дамуын белсендіреді, оның моторикасын, кеңістіктік қабылдау сөйлеу белсенділігінің көрінуіне ықпал етеді.

Сөйлеуді дамытудағы сурет салудың рөлі. Сурет салу ойлауды, қабылдауды, қиялды, ұсақ моториканы дамытады, бұл баланың белсенді сөйлеуінің дамуымен тығыз байланысты. Кішкентай суретшілер саусақпен және алақанмен сурет салғанды қатты ұнатады. Саусақ манипуляциясы сөйлеу мен психиканың дамуына ықпал етеді. Бояулармен жұмыс жасау баланың түстерді қабылдауына және есте сақтау қабілетіне оң әсер етеді (7-қосымша, 1-сурет).

Пластилинография (ермексазды кескіндеме) — бұл көлемді картиналарды жасау үшін ермексазбен жұмыс жасау әдісі. Ол тіпті ең кішкентай балаларға да қол жетімді, бала трафаретке пластилин қолданады. Баланың сөздік қорын байытамыз және белсендіреміз, заттардың бөліктерін атай білу дағдыларын дамытамыз (7-қосымша, 2-сурет).

Жапсырма (апликация). Жапсырма сабақтары сонымен бірге сөйлеуді дамыту сабақтары болып табылады. Сюжетті ойнау және практикалық әрекеттерді орындау барысында балалармен үздіксіз әңгіме жүргізіледі, ересек адам сабақта не болып жатқанын эмоционалды түрде түсіндіреді. Балалардың ойын қызметін ұйымдастыру олардың сөйлеу белсенділігін арттырады, сөйлеу еліктеуін тудырады. Жапсырма сабақтары сөйлеудің коммуникативті қызметінің дамуын ынталандырады, балалардың белсенді және пассивті сөздік қорын кеңейтуге ықпал етеді үзік жапсырма (апликация) (7-қосымша, 3-сурет).

Қағазды домалату: бала қолындағы қағазды жұмсарғанша мыжып алады. Содан кейін одан допты шығарады. Оның өлшемдері әртүрлі болуы мүмкін:

кішкентайдан үлкенге дейін. Осыдан кейін қағаз кесектері желімге батырылып, негізге жабыстырылады. Жұмыс кезінде ол ересек адамның артынан өлеңді қайталайды, тақырыпты атайды және өзінің іс-әрекеті туралы түсініктеме береді (7-қосымша, 4-сурет).

Ермексазбен жұмыс. Ермексазбен жұмыс жасау кезінде бала қолдың ұсақ моторикасын, саусақтардың күші мен қозғалғыштығын дамытады, екі қолдың қозғалысын үйлестіруді үйренеді, сәйкесінше сенсорлық тәжірибе алады. Өз қолөнерін жасау кезінде бала екі қолын бірден қолданады, осы кезде барлық саусақтар мен алақандардың ішкі беті қатысады. Бір таңқаларлығы, ермексазды мүсіндеу қол массажымен бірдей әсер береді.

Сіз мүсіндеу сабақтарын бір уақытта сөйлеуді дамыту сабақтары болатындай етіп өткізе аласыз. Ол үшін, жұмыс барысында сіз баладан өз іс – әрекеттері туралы, мүсіндегелі жатқан заты туралы, ол қандай пішінде және өлшемде болуы керек, оны қай жерде орналастыру керек, содан кейін оны қалай бояуға болатындығы туралы сөйлесуді сұрауыңыз керек. Мұның бәрі баланың сөйлеу әрекетін ынталандырады.

Сонымен қатар, әңгімелесу кезінде бала көптеген жаңа сөздерді үйренеді. Демек, мүсіндеу мектеп жасына дейінгі баланың пассивті және белсенді сөздік қорын кеңейтуге оң әсер етеді. Қойылым қойыңыз және ойнаңыз.

Алдын ала сіз баламен не мүсіндейтіні туралы, оның өнімі қандай пішін мен мөлшерде болуы керек, оны қай жерде орналастыру керек, содан кейін оны қалай бояуға болатындығы туралы сөйлесе аласыз – мұның бәрі баланың сөйлеу әрекетін ынталандырады.

Оригами балаға бәрін саусақтарымен «сезінуге» және «сезуге» мүмкіндік береді. Сонымен қатар материал ретінде қағаздың болуы, өндеудің қарапайымдылығы (оған берілген пішінді сақтау мүмкіндігі) – мұның бәрі балаларды қызықтырады және қарапайым қағазды «түрлендіру» мүмкіндігі үлкен қызығушылық тудырады. Оригами материалын сөйлеуді дамыту сабақтарының лексикалық тақырыптарына сәйкес қолдануға болады. Өз қолыңмен бірдеңе жасап, ол туралы айтып беруден өткен не қызықты болуы мүмкін? Қолда бар материалдардан жапсырма құрастыру, мысалы кэмпиттің қағаздарынан жапсырма жасау (7-қосымша, 5-сурет) .

Баланың сөз шығармашылығының нәтижелерімен қолдан жасалған қарапайым кітапшалар жасаңыз. Бала үшін оның сөздік шығармашылығының нәтижесін көру, ұстау, сезу өте маңызды. Бірнеше альбом парақтарын екіге бүгіп, оларды тігіңіз. Мұқабаны әдемі жазыңыз. Әр беттің жоғары жағына сіз суретті жапсырып, оның астына сәби ойлап тапқан жұмбақ, ертегі немесе әңгіме жазыңыз. Сіз баланың фотосуреттерін, журналдар мен каталогтардың суреттерін, оның салған суреттерін қолдана отырып, кітапты қызықты етіп жасай аласыз. Шығармашылық үшін кеңістік бар! Бұл жерде шығармашылық кеңістік кең (7-қосымша, 6-сурет).

Қорытынды: осылайша, кез келген бағыттағы шығармашылық жұмысты қолмен атқара отырып, бала қолдың ұсақ қимылдарын дамытады. Саусақтар мен қолдар жақсы қозғалыстылыққа, икемділікке ие болады, қозғалыстардың

каттылығы жоғалады. Олар көптеген дыбыстардың айтылуын жақсарта алады, ал шығармашылық кезінде өз әрекеттеріне түсініктеме бере отырып, балада байланысқан сөз дамиды. Баланың өмірі қаншалықты таңқаларлықтай және қызықты болуы – біздің қолымызда!

ПАЙДАЛЫНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Воробьева Т.А., Крупенчук О.И. Логопедические упражнения: Артикуляционная гимнастика. – СПб.: - Издательский дом «Литера», 2009. – 64с. (Серия «Уроки логопеда»).
2. Глебова С.В. Детский сад – семья: аспекты взаимодействия. Воронеж, 2007.
3. Т.А. Датешидзе «Система коррекционной работы с детьми с задержкой речевого развития». - СПб.: Речь, 2004.
4. Ивановская О. Г., Гадасина Л. Я. «Энциклопедия логопедических игр» Издательство: Каро, 2007 г.
5. Коноваленко С.В. Развитие познавательной деятельности у детей. – М: Гном – Пресс, Новая школа 1998.
6. Краузе Е.Н. Логопедический массаж и артикуляционная гимнастика. – СПб.: Корона, 2004.
7. Нищева Н.В. Система коррекционной работы в логопедической группе для детей с общим недоразвитием речи. СПб., 2001.
8. Скворцова И.В. Программа развития и обучения дошкольников. 100 логопедических игр. Для детей 4-6 лет. - СПб.: Издательский Дом «Нева»; М.: "ОЛМА-ПРЕСС Образование", 2003.
9. Ткаченко Т.А. Учим говорить правильно. Система коррекции общего недоразвития речи у детей 6 лет. Пособие для воспитателей, логопедов и родителей. – М.: «Издательство ГНОМ и Д», 2003. – 112с.
10. Ткаченко Т.А. Мелкая моторика. Гимнастика для пальчиков. - М.: Эксмо, 2005.
11. Филичева Т.Б., Туманова Т.В. Дети с фонетико-фонематическим недоразвитием. Воспитание и обучение. Учебно-методическое пособие для логопедов и воспитателей. - М.: "Гном-Пресс", 1999.
12. <https://multiurok.ru/files/tildik-tynys-alu-zhattug-ular.html>
13. <https://infourok.ru/razvitie-rechevogo-dihaniya-mladshih-shkolnikov-984559>
14. <https://infourok.ru/statya-natemu-razvitie-rechevogo-dihaniya-udetey-s-tnr-3968315>
15. Жинақтағы бейнелер ғаламтор желісінен алынды https://yandex.kz/images/?utm_source=main_stripe_big

ҮСАҚ МОТОРИКАНЫ ДАМЫТУ АРНАЛҒАН ОЙЫНДАР



1-1-сурет. Қолдан жасаған ойындар



2-сурет. Қолдан жасаған ойындар



3-сурет. Қыстырғыштармен ойын



4-сурет. Қағазбен жұмыс



5-сурет. Құммен ойын



6-сурет. Цитрусты тазалау

2-ҚОСЫМША

СӨЙЛЕУ ТЫНЫСЫН ДАМУҒА АРНАЛҒАН ОЙЫНДАР



1-сурет. Гүлдерді иіскейік



2-сурет. Көбелекті ұшырамыз



3-сурет. Ыстық шай



4-сурет. Самал жел




5-сурет. Әуе футболы



6-сурет. Қолымызды жылытайық

3-ҚОСЫМША


БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН АРТИКУЛЯЦИЯЛЫҚ ЖАТТЫҒУЛАР



1-сурет. Ертегі әлемі



2-сурет. Сиқырлы гүл



3,4-суреттер.. «Тәтті» артикуляциялық жаттығулар



5-сурет. Статикалық жаттығу



6-сурет. Динамикалық жаттығу



7-сурет. Күрекше



8-сурет. Шәшке



9-сурет. Инеше



10-сурет. Төбешік



11-сурет. Түтікіше



12-сурет. Төбешік

4-ҚОСЫМША

ДЫБЫСТАРДЫ ЕСТІП, АЖЫРАТА БІЛУГЕ ҮЙРЕТУ



1-сурет.
Не дыбысталып тұрғанын тап



3-сурет. *Сиқырлы таяқша*



5-сурет. *Шулы қораптар*

2-сурет.
Көше не туралы дыбыстайды?



4-сурет. *Шапалақтау*



6-сурет. *Тығылмақ*

ДЫБЫСТАРДЫ ДҰРЫС АЙТУҒА АРНАЛҒАН ОЙЫНДАР




1-сурет. Лабиринт



2-сурет. Зырылдауық



3-сурет. Массаж доптары



4-сурет. Қоршаулар



5-сурет. Л дыбысы бар сөздерді тап



6-сурет. Р дыбысы бар сөздерді тап

6-ҚОСЫМША


ДОП ОЙЫНДАРЫ




1-сурет. Доптың түрлері



2-сурет.
Саусақтарыңызбен доп арқылы ширату



3-сурет. Допты домалату



4-сурет. Массаж
добын алақанның арасында ширату



5-сурет. Дыбыстық тізбек



6-сурет. Көңілді доп

7-ҚОСЫМША


МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ТІЛІН ДАМЫТУҒА АРНАЛҒАН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ОЙЫНДАР



1-сурет. Көңілді алақан



2-сурет. Пластилинография



3-сурет. Үзік жапсырма



4-сурет. Жұмсақ қағазды ширату



5-сурет. Оригами



6-сурет. Өз қолымен жасаған кітапшалар

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың ата-аналарымен сабақ материалдарының жинағы / Ибраев М.У. жалпы ред.: авторлары Дмитриева-Лепешева О.Г., Жанғали І.Ә., Искендірова А.А., Федотова В.Ф. – Көкшетау, 2020. – 134 б.

Сборник материалов занятий с родителями детей с особыми образовательными потребностями / Под общ. ред. Ибраева М.У.: авторы Дмитриева-Лепешева О.Г., Жанғали І.Ә., Искендірова А.А., Федотова В.Ф. – Кокшетау, 2020. – 134 с.

1. Ақмола облысы білім басқармасының сайты/ Сайт управления образования Акмолинской области:

<https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-edu?lang=ru>

2. Ақмола облысы білім басқармасының «Облыстық оқу-әдістемелік кабинеті» КММ сайты/ Сайт КГУ «Областной учебно-методический кабинет» управления образования Акмолинской области:

<http://oumk.aqmoedu.kz/>

